

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы № 99 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 508 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1126 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2015 № 1126 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік қызметшілердің мүлкін сенімді басқаруға берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы № 99 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Мемлекеттік қызметшілердің мүлкін сенімгерлік басқаруға беру қағидасын б е к і т у т у р а л ы » ;

кіріспедегі «және Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 1999 жылғы 23 тамыздағы № 72 өкімін орындау үшін» деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1-тармақтағы «сенімді басқаруға берудің тәртібі туралы ереже» деген сөздер «сенімгерлік басқаруға беру қағидасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің мүлкін сенімді басқаруға берудің тәртібі туралы ережеде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Мемлекеттік қызметшілердің мүлкін сенімгерлік басқаруға беру қағидасы»;  
мәтіндегі «Сенімді», «сенімді» деген сөздер «Сенімгерлік», «сенімгерлік» деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспедегі «Ереже» деген сөз «Қағида» деген сөзбен ауыстырылсын;  
1-тармақтағы «Ережеде» деген сөз «Қағидада» деген сөзбен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

«Ереженің» деген сөз «Қағиданың» деген сөзбен ауыстырылсын;  
«беруге міндетті» деген сөздер «береді» деген сөзбен ауыстырылсын;

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:  
«6. Мемлекеттік қызметші мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарттың

нотариалды куәландырылған көшірмесі нотариалды куәландырылған күнінен бастап он күн мерзімде жұмыс орны бойынша мемлекеттік органның кадр қызметіне береді.

7. Тараптардың біреуі мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шартты бұзған жағдайда, мемлекеттік қызметші бұл туралы жұмыс орны бойынша кадр қызметіне бір ай мерзімде хабарлайды, ал сенімгерлік басқаруға беруге жататын мүлік шарт бұзылғаннан кейін бір ай мерзімде осы Қағидада белгіленген тәртіппен шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесін жұмыс орны бойынша кадр қызметіне беріп, қайтадан сенімгерлік басқаруға беріледі.»;

8 - т а р м а қ т а :

«Сенімді» деген сөз «Мүлікті сенімгерлік» деген сөздермен ауыстырылсын;

«ақпарат жұмыс орны бойынша мемлекеттік органның кадр қызметіне ұсынылады» деген сөздер «ақпаратты мемлекеттік қызметші көрсетілген оқиғалар орын алғаннан кейін бір ай ішінде жұмыс орны бойынша мемлекеттік органның кадр қызметіне ұсынады» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мүлікті сенімгерлік басқару шарты қайтадан жасалған кезде оның нотариалды куәландырылған көшірмесі осы Қағидада белгіленген тәртіппен жұмыс орны бойынша мемлекеттік органның кадр қызметіне беріледі.»;

1 2 - т а р м а қ т а :

орыс тіліндегі мәтіні өзгертілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

орыс тіліндегі мәтіні өзгертілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан*

*Республикасының*

*К. Мәсімов*